


**Техникалық сипаттама
(ЛОТ № 5)**

№	Жабдық атауы	Тех. Сипаттамасы	Саны
1	Мобильді планетарий Medium+ жинағы	Екі қабатты күмбез диаметрі 5 метрден кем емес Күмбез биіктігі 3 метрден кем емес Айналы проекциялық жүйе Ауа алмасу жылдамдығын реттейтін кемі 2 үрлегіші бар Full HD Медиаплеер – фильмдерді дербес ойнату, кіріктірілген жадымен бірге Full HD жоғары контрастты проектор Акустикалық колонкалар 20 dB Лицензияланған бағарламалар 4 бағарламадан кем емес Қосалқы бөлшектер, жөндеу жиынтығы, HDMI кабелі	1
2	Физика пәніне арналған VR бағдарлама	Физика пәні бойынша виртуалды оқу кешені Тілі: қазақша 7-11 сыныптарға арналған Виртуалды тәжірибе 40 тәжірибеден кем емес Негізгі салалары Механика Термодинамика Электродинамика Оптика Атомдық физика	2
3	Химия пәніне арналған VR бағдарлама	Химия пәні бойынша виртуалды оқу кешені Тілі: қазақша 7-11 сыныптарға арналған Виртуалды тәжірибе 40 тәжірибеден кем емес Негізгі салалары: Жалпы химия Бейорганикалық химия Органикалық химия Негізгі тақырыптар: Атом құрылысы Элементтердің периодтық жүйесі Химиялық реакция типтері Қышқылдар, негіздер және тұздар Көмірсутектер және полимерлер	1
4	Биология пәніне арналған VR бағдарлама	Биология пәні бойынша виртуалды оқу кешені Тілі: қазақша 7-11 сыныптарға арналған Виртуалды тәжірибе 40 тәжірибеден кем емес Негізгі салалары: Цитология (жасуша құрылысы) Анатомия және физиология Зоология және ботаника Генетика және эволюция негіздері Экология және биосфера құрылымы Ағзалардың қан айналымы, тыныс алу, ас қорыту үйелерін 3D форматта зерттеу мүмкіндігі	1
5	Сертификат	Сәйкестік сертификаты	

Ғылымды дамыту жөніндегі жобалық кеңсе басшысы

Ғылым департаментінің жетекші маманы



А.Айымбетова

Т.Джатаев

ТӨЛЕМ ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУ ШАРТТАРЫ

Құны және жеткізу шарттары

Тауардың құны барлық салықтар мен алымдарды, соның ішінде қосылған құн салығын (ҚҚС), сондай-ақ жеткізуді жүзеге асырумен байланысты барлық ықтимал төлемдерді, баж салығын, көлік және өзге де шығындарды қамти отырып, сатып алушының қоймасына дейін жеткізу шартымен көрсетіледі.

Егер жеткізілетін тауардың ерекшелігі қосымша жұмыстар мен қызметтерді жүргізуді талап етсе, тауардың құнына **міндетті түрде барлық қажетті қызметтер**, соның ішінде монтаждау, іске қосу-баптау жұмыстары және тапсырыс беруші персоналын пайдалану және қызмет көрсету ережелеріне оқыту қызметтері **енгізілуі тиіс**.

Сәйкестік және тауар сапасы

Жеткізуші жеткізілетін тауарды Қазақстан Республикасының аумағында пайдалануға қажетті барлық рұқсаттар мен сәйкестік құжаттарының бар екенін растайды және оған кепілдік береді. Тауар Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын санитариялық-экологиялық, табиғатты қорғау және өзге де нормативтік талаптарға толық сәйкес келуі, сондай-ақ қолданыстағы заңнамаға сәйкес барлық сараптамалар мен сынақтардан өтуі тиіс. Аталған талаптардың сақталғаны тиісті құжаттармен расталуы қажет. Жеткізілетін тауар жаңа, пайдаланылмаған, ақаусыз және үшінші тұлғалардың қандай да бір құқықтарымен ауыртпаланбаған болуы тиіс.

Кепілдік міндеттемелер

Жеткізілетін тауарға кепілдік мерзімі оны пайдалануға берген күннен бастап кемінде 12 (он екі) айды құрауы тиіс. Техникалық қызмет көрсету жұмыстары пайдалану құжаттамасының талаптарына сәйкес орындалу қажет.

Төлем шарттары және аванстық төлем

Аванстық төлемнің мөлшері келісімшарттың жалпы сомасының 50 %-на дейін болуы мүмкін. Аванс мөлшері тапсырыс берушінің сатып алу комиссиясының шешімімен университеттің ішкі ережелеріне сәйкес айқындалады.

Сатып алушы жеткізушіден аванстық төлем сомасына баламалы мөлшерде қамтамасыз ету құжатын ұсынуды талап етуге құқылы.

Қамтамасыз ету құжаты төмендегі нысандардың бірінде ұсынылады:

- Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және банк қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар екінші деңгейдегі банк берген қайтарып алынбайтын банктік кепілдік;
- Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар сақтандыру ұйымымен жасалған жеткізушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты.

Жеткізу мерзімі

Тауар келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 45 (қырық бес) күнтізбелік күннен кешіктірілмей жеткізілуі тиіс.

